

Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектебінің сыбайлас
жемқорлыққа қарсы 2021-2022 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарына
сәйкес жоғары сыныптар арасында «Жемқорлықсыз қоғам» тақырыбында
өткізілген дөңгелек үстел

Х А Т Т А М А С Ы

05.02.2022ж.

Шардара қаласы

Қатысқандар:

ДТІЖО: Л.Қалиева

ҚББП: У.Абдурахманова

10-11 сынып оқушылары: 35

Күн тәртібінде

1. «Жемқорлықсыз қоғам» тақырыбында дөңгелек үстел өткізу.

Тыңдалды:

Дөңгелек үстелді ашқан ДТІЖО Л.Қалиева шараның мақсат-міндеттерімен таныстырды. Жемқорлық- құқық бұзуды әшкерелеу, бұлтартпау және оны жасаған тұлғалардың өз құзыры аясында жауапқа тартылатынын прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер саласы, кеден және шекара қызметкерлері, қаржы және әскери полиция арқылы жүзеге асырылатынын түсіндірді.

Өз кезектерінде 10ә сынып оқушысы Б.Ерғалиұлы, 11а сынып оқушысы Д.Есентаева, 11ә сынып оқушысы Д.Сәрсендер жемқорлықтың нарықтық тетіктерді бұрмалап, адамдардың өмір сүру сапасын нашарлататынын, ұйымдасқан қылмысқа, терроризмге және халықаралық қауіпсіздіктің басқа да қауіп-қатерлеріне ықпал ететінін айтты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес- әрбір азаматтың парызы және әр тұлға белсенді азаматтық ұстаным білдіру қажет деген пікірге келді.

Қаулы:

-Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеу шаралары күшейтілсін.

ДТІЖО:

Л.Қалиева